

Бурабай ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № А-7/271 "Бурабай ауданында ауыр жұмыстардағы, зиянды, қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмыстардағы жұмыс орындарын есепке алмай, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызына дейінгі мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасынн белгілеу туралы" күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 4 сәуірдегі № а-12/496 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 11 сәуірде № 27521 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Занының 27 бабына сәйкес Бурабай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бурабай аудан әкімдігінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № А-7/271 "Бурабай ауданында ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызына дейінгі мөлшерінде мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін квотасын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6077 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Бурабай ауданы әкімінің орынбасары А.Т. Кузембаеваға жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бурабай ауданының әкімі

А.Муздыбаев